АЛМАТЫ
ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

30 маусым 2026 ж.

Қонаев қаласы

№ **158**

город Конаев

Облыстық жергілікті атқарушы органының резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 18, 20-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27, 37-баптарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 21 шілдедегі № 551 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін бөлу және пайдалану қағидаларына, Алматы облысы қаржы басқармасының 2026 жылғы 04 маусымдағы қорытындысына, «RPSK «BAYTEREK» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Шонжы политехникалық колледжі ғимаратының А және В блоктарының сенімділігі мен мықтылығына техникалық байқау жөніндегі № 05/05 техникалық қорытындысына сәйкес, сондай-ақ Үйғыр ауданы Шонжы ауылының әлеуметтік тұрақтылығына қатер төндіретін жағдайларды жоюға бағытталған іс-шараларды қаржыландыру мақсатында және Үйғыр ауданы азаматтарының 2026 жылғы 24 ақпандағы ұжымдық өтінішін қарастыра келе, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2026 жылға арналған облыстық бюджеттің шұғыл шығындарға көзделген облыстық жергілікті атқарушы органының резервінен «Алматы облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесіне «Алматы облыстық білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Шонжы политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратының апатты А және В блоктарына күрделі жөндеу (қалпына келтіру) жұмыстарын жүргізу үшін 1 209 501 000 (бір миллиард екі жүз тоғыз миллион бес жүз бір мың) теңге сомасында қаражат бөлінсін.

2. «Алматы облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі бюджеттік бағдарлама әкімшісі ретінде белгіленсін.

005644

3. «Алматы облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Алматы облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесіне орындалған жұмыстың көлемі мен құны туралы есеп берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Қ. Есболатовқа жүктелсін.

Облыс әкімі **М. Сұлтанғазиев**

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

30 июня 2026 г.

Конаев қаласы

№ 158

город Конаев

О выделении средств из резерва местного исполнительного органа области

В соответствии со статьями 18, 20 Бюджетного кодекса Республики Казахстан, статьями 27, 37 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Правилами распределения и использования резервов Правительства Республики Казахстан и местных исполнительных органов утвержденными, Постановлением Правительства Республики Казахстан от 21 июля 2025 года № 551, заключением управления финансов Алматинской области от 04 июня 2026 года, техническим заключением товарищества с ограниченной ответственностью «RPSK «BAYTEREK» по техническому обследованию надежности и устойчивости блоков А и В здания Чунджинского политехнического колледжа за № 05/05, а также в целях финансирования мероприятий, направленные на устранение ситуаций, угрожающих социальной стабильности села Шонжы Уйгурского района и рассмотрев коллективное обращение граждан Уйгурского района от 24 февраля 2026 года акимат Алматинской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Выделить из резерва местного исполнительного органа области на неотложные затраты, предусмотренного в областном бюджете на 2026 год, государственному учреждению «Управление образования Алматинской области» для выполнения работ по капитальному ремонту (восстановительному) аварийных блоков А и В здания государственного коммунального казенного предприятия «Чунджинский политехнический колледж» государственного учреждения «Управление образования Алматинской области» средства в сумме 1 209 501 000 (один миллиард двести девять миллионов пятьсот одна тысяча) тенге.

2. Определить администратором бюджетных программ государственное учреждение «Управление образования Алматинской области».

3. Государственному учреждению «Управление образования Алматинской области» предоставить государственному учреждению

005643

«Управление финансов Алматинской области» отчет об объемах и стоимости выполненных работ.

4. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на первого заместителя акима области К. Есболатова.

Аким области **М. Султангазиев**